

6. Mali orders UN peacekeeping mission to leave. Deutsche Welle (DW), June 16, 2023. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.dw.com/en/mali-orders-un-peacekeeping-mission-to-leave/a-65945836> (Дата обращения: 21.02.2026)

7. Koops J.A., MacQueen N., Tardy T., Williams P.D. The Oxford handbook of United Nations peacekeeping operations. – Oxford: Oxford university press, 2015. – 908 с.

Әбдіхадыр Ә.Т., Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, филология факультеті, КО-23-1к-топ, студент

(Ғылыми жетекші – Философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор Б.Е. Сыздықова)

ӘДЕБИЕТТЕГІ ОБСЕССИВТІ ҚУДАЛАУ (СТАЛКИНГ): КӨРКЕМ БЕЙНЕ, ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДЕКОНСТРУКЦИЯ

Обсессивті қудалау немесе stalking – белгілі бір тұлғаның басқа адамға қатысты қайталанатын, қалаусыз және психологиялық қысым тудыратын әрекеттер жүйесі. Криминологиялық және клиникалық психологияда stalking «қайталанатын бақылау, байланыс орнатуға мәжбүрлеу, қудалау немесе қорқыту әрекеттері арқылы жәбірленушінің еркіндігін шектеу» ретінде анықталады [1,7 б.].

Бұл феномен кейде ғылыми талдаудан тыс қалуда, өйткені мәдени сана оны жиі «терең махаббат», «құмарлық» немесе «романтикалық ерлік» ретінде бейнелейді. Әдебиет пен кино, бұқаралық ақпарат құралдарының кейбір туындылары stalkingті романтика мен құмарлықтың көркемдік белгісі ретінде көрсетеді, бұл қоғамда оның қауіптілігін азайтып көрсетуге әкеледі. Сол себепті stalkingті мәдени бейнелеу тұрғысынан зерттеу ерекше маңызды міндет болып табылады. Бұл тәсіл:

- Stalkingтің көркем бейнесі мен мәдени кодтарын ашуға,
- Қоғамдағы стереотиптер мен нормаларды талдауға,
- Психологиялық қауіпті әдеби талдау арқылы тануға мүмкіндік береді.

Мысалы, кейбір классикалық және заманауи шығармалардағы кейіпкерлердің әрекеттері «жоғары эмоционалды құмарлық» деп қабылданады, алайда бұл әрекеттер құқықтық және моральдық тұрғыдан қауіпті мінез-құлыққа жатады [2].

Әдебиет – мәдени нормаларды қалыптастырудың ең қуатты инструменттерінің бірі. Сондықтан көркем мәтіндердегі stalking мотивтерін анықтау, сыни талдау және деконструкциялау арқылы қоғамдық санада «еркінен тыс қудалау» мен «махаббат» арасындағы шекараны айқындауға болады.

Осы мақала үш негізгі міндетті шешуге бағытталған: біріншіден, stalkingтің психологиялық-клиникалық теориялық негізін баяндау, екіншіден, қазақ әдебиетіндегі обсессивті мотивтерді талдау, үшіншіден, қазақ және батыс әдебиетіндегі романтизация деңгейін салыстыру.

Stalking ұғымының ғылыми анықтамасы мен жіктелуі қазіргі криминологиялық, клиникалық психология және психиатрия салаларында жақсы зерттелген. Бұған байланысты төменде ұсынылған Пол Муллен, Мишель Патэ және Розмари Пёрселл (2009) жіктеуі – stalking зерттеулеріндегі ең танымал және клиникалық практикада кеңінен қолданылады.

Пол Муллен, Мишель Патэ және Розмари Пёрселл ұсынған классификация мотивациялық-қатынастық (motivational-relational) негізде құрылған және stalkingтің тек романтикалық емес, әртүрлі себептерден (кек, билік, бақылау, сексуалдық ниет) туындайтынын көрсетеді. Ғалымдан оны бес негізгі типке жіктейді:

1) Бұрынғы серіктесінің бас тарту, бетін қайтару (Rejected stalker) – stalkingтің ең жиі кездесетін түрі. Бұл stalkерлердің басты мақсаты бұрынғы серіктесін қайтару/бас тартқаны үшін кек алу болуы мүмкін (көп жағдайда). Негізгі белгілері: қызғаныш, иемдену сезімі, эмоционалдық тәуелділік. Қауіп деңгейі: жоғары – зорлыққа (физикалық шабуыл) жиі ұласады (зерттеулерде 50-60% жағдайда күш көрсету, зорлық/қорқыту болған). Кампхуйс және Эммелькамп (2003) бойынша бақылау қажеттілігі билік пен иемдену сезіміне негізделеді.

2) Ренжіген / наразы stalkер (Resentful stalker) - өзін жәбірленуші ретінде сезінеді, мысалы, жұмыстағы әділетсіздік немесе қызметтік қаттығыстар салдарынан. Ол жәбірленушіні қорқыту, мазасын алу арқылы «әділеттілікті» қалпына келтіремін деп ойлауы мүмкін. Негізгі белгілері: Паранойялық ойлар, қорлау сезімі, көбіне қоғамдық немесе жұмыс ортасында байқалады. Қауіп деңгейі: Қорқыту және мүлікке зақым келтіру жиі кездеседі, бірақ зерттеулер анықтағандай stalkingтің мұндай түрінде физикалық зорлық сирек кездеседі.

3) Иллюзияға берілген/романтизацияланған stalking. Мұнда stalkер жәбірленушіні «нағыз махаббатым» немесе «тағдырым» деп елестетеді (көбіне эротомания немесе ойдын бұзылуы). Олар мұны жалғыздықтан құтылу, «қарым-қатынас» орнату деп түсінуі мүмкін. Белгілері: идеализация, хаттар, сыйлықтар, «ол да мені сүйеді» деген иллюзия. Қауіп: орташа – ұзаққа созылады, бірақ зорлық сирек.

4) Үмітшіл stalking. Бұған көбіне әлеуметтік кемшілігі бар адамдар жатады. Оларды бұған итермелейтін жалғыздық, сексуалдық қажеттілік, «қарым-қатынасқа лайықпын» деген өзімшілдік сезімі. Белгілері: қатыгез, әдепсіз әрекеттер (бас тартуға қарамастан қысым жасау). Қауіп: төмен – әдетте қысқа мерзімді, зорлық сирек.

5) Жыртқыш stalkер. Ең қауіпті тип (сирек, бірақ өте қатерлі). Оларды мұндайға итермелейтін сексуалдық/зорлық шабуылға дайындық. Бұл көп жағдайда қалыпты сексуалдық қызығушылықтан ауытқып, ерекше немесе әлеуметтік тұрғыдан қауіпті сексуалдық құмарлықтар (paraphilias), басқа адамның жекелік

әрекеттерін (мысалы, киіну немесе интимдік әрекеттерін) құпия түрде бақылау арқылы сексуалдық қанағат алу (voyeurism), белгілі бір затқа, дене мүшесіне немесе объектіге сексуалдық қызығушылықтың ауытқуы, тәуелді сексуалдық қанағат алу (fetishism), балаларға (әдетте 13 жасқа дейінгі) бағытталған сексуалдық құмарлық pedophilia т.б. байланысты). Негізгі белгілері: құпия бақылау, фото/видео түсіру, шабуыл алдындағы «зерттеу». Қауіп: өте жоғары – сексуалдық зорлық немесе өлтіру қаупі бар.

Кампхейс, Ж.Х., және Эммелькамп, П.М.Г. (2000) сталкинг феноменін гетерогенді топ ретінде қарастырады және негізгі клиникалық-психиатриялық белгілерді *компульсивті фиксация, нарциссистік жарақат, шекара бұзу, бақылау қажеттілігі және зорлық эскалациясы мүмкіндігі сияқты* типтерге жіктейді, [3, 10-13 б].

Авторлар сталкерлерді көбіне психоздық бұзылыстар (мысалы, қате сенімдерге негізделген бұзылыс, эротомания) немесе ауыр тұлғалық бұзылыстар (нарциссистік, антисоциалдық, шекаралық) тобында сипаттайды. Мұндай сталкерлердің негізгі типтеріне жасы 30–40 жас, жалғыз немесе ажырасқан ер адам, жұмыссыз немесе тұрақсыз жұмыста, жоғары интеллект, құқықтық және психиатриялық тарихы бар адамдар жатады.

Кернберг (1975) объектілік қатынастар теориясында обсессивті қатынастардағы циклді сипаттайды: асақтату → қолжетімсіздік → кінәлау → жазалау. Бұл цикл сталкинкте жиі байқалады және зорлық эскалациясына әкеледі [4, 315-330 б]. Ал Теннов (1979) лимеренция және обсессивті фиксация ретінде қарап, лимеренцияны «еріксіз романтикалық фиксация» деп анықтайды. Шектен шыққанда рационалды шекаралар жойылып, объект «иелену» мақсатына айналады [5, 17-35 б]. Мишель Фуко болса (1975) бақылаудың жеке емес, институционалдық сипат алатынын көрсетеді [5, 195-200 б]. Дәстүрлі қоғамда ру қысымы, ұят механизмі және мемлекет аппараты жеке обсессияны күшейтіп, жүйелік зорлыққа айналдырады. Бұл сипат қазақ әдебиетінде, сондай-ақ қазақ қоғамында кең тараған.

Қазақ әдебиетінде обсессивті қудалау мотивтері романтикалық идеал ретінде эстетикаланбайды, көбіне зұлымдық, қызғаныш, трагедия немесе психологиялық патология түрінде беріледі. Эпоста да, прозада да бұл мотивтер моральдық айыптаумен немесе жәбірленуші перспективасымен ұштасады. Негізгі белгілері мыналар:

Иемдену иллюзиясы мен меншіктік логика. Басқа адамды дербес субъект емес, «менікі» немесе «тиесілі» объект ретінде қабылдау жиі кездеседі. Бұл нарциссистік жарақатпен байланысты [7, 766 б]. Мысалы Қодар («Қозы Көрпеш – Баян сұлу») Баянды моральдық және физикалық иелену мақсатында Қозыны өлтіреді; Жұмағұл («Оқыған азамат») Қадиянаны мүлікке жету құралы ретінде алады.

Қызғаныш пен кек негізіндегі қудалау түрі – бәсекелесті жоюға немесе жәбірленушіні жазалауға итермелейді. Бұл resentful/rejected stalker типіне тән [1, 75-85 б]. Мысалы Бекежан («Қыз Жібек») Төлегенді өлтіріп, Жібекті иемденуге ұмтылады; Айнабай («Шұғаның белгісі») Әбдірахманға қарсы жалған арыз беріп, кек алады.

Девальвация және жазалау циклі. Алғашқы өзіншілдіктен кейін қолжетімсіздік сезімі пайда болып, кінәлау мен жазалауға ауысады [4]. Мысалы Бекежанның «менікі болмаса – ешкімдікі болмасын» логикасы; Сәргелдің («Қарғын») Мәликенің әрбір қимылын күдікпен тексеруі.

Ішкі обсессия мен лимеренция. Сыртқы қудалау емес, ішкі фиксация: жақынын «тек маған тиесілі» деп қабылдау, қызғану [5, 23 б]. Мысалы Шолпан («Шолпанның күнәсі») өз болашақ баласынан да қызғанады, жақынын эксклюзивті иеленуге ұмтылады.

Бір адамның екінші адамға қатысты құқықтық, психологиялық немесе әлеуметтік қысым көрсету арқылы билік орнатуы (Coercive control) және шекара бұзу. Физикалық зорлықсыз, бірақ үнемі бақылау, эмоционалдық манипуляция және билік асимметриясы [4]. Мысалы Д.Исабековтің «Қарғын» романында сталкинктің екі параллель желісі бар: Біріншісі Сәргел – Мәлике арасындағы классикалық патологиялық қызғаныш. Бұл – романдағы ең айқын сталкинг элементі. Мысалы: «Сәргел командировкасынан түнде ерте оралып, ұйқтап жатқан әйелін оятпай, үйдің «күдікті іздерін» іздеп бақылайды – темекі күл салғыш, сіріңке шиі, киім ілгіш. Бәрі қаз-қалпында екенін тексереді». Мәлике бұл бақылаудан хабарсыз. Романда «Екеуінің арасындағы қайшылық тек бір жақты қызғаныштан – Сәргелдің қызғанышынан ғана туындайтын-ды» деп беріледі [8]. Екіншісі, Жасын мен Бағила арасында асимметриялық билік қатынастың байқалуы. Жасын – танымал жазушы, Бағила – студент қыз. Жасын Бағиланың «жоқ» деген жауабын елемей сүйеді. Бағила: «Мұныңыз әділдік емес» дейді. Жасын: «Білемін. Үш жылдан бері сенің ерніңнен сүймеу де әділдік емес» деп рационализациялайды. Бұл – өз ниетін жақсы ниетпен ақтаудың классикалық механизмі. Мұндағы ең маңызды ескертін жайт – берілген мотивтердің романда кездесуі. Алайда Д. Исабеков оларды «сталкинг» деп емес, адамдық күрделіліктің бір бөлігі ретінде баяндайды. Сәргел – трагикалық кейіпкер, жауыз емес. Бұл романтизация емес, бірақ айыптау да емес – мәдени нейтралдылық.

Институционалдық және жүйелік бақылау. Жеке обсессия ру қысымы, ұят механизмі, болыс билігі, мемлекет аппараты немесе экономикалық иемдену арқылы күшейеді (Фуко, 1975). Мысалы «Оқыған азаматта» мүлік арқылы иемдену және кемпірдің өлімі; «Шұғаның белгісінде» ру мен болыстың бірлескен қысымы Шұғаның психологиялық қысымнан өлімге әкеледі.

Жәбірленуші перспективасы мен психологиялық салдар. Зорлықтан кейінгі өзін кінәлау, ұят қысымы, идентичность дағдарысы, ПТСР (Посттравматикалық стресс бұзылысы) белгілері [7]. Мысалы Ақбілектің (Ж. Аймауытов «Ақбілек») өзін кінәлауы және қоғамдық стигма; Шұғаның өлер алдындағы хаты: «Көре алмай ақтық минут дидарынды, арманда жан тапсырған мен бір зарлы!...».

Ал батыс әдебиетінде сталкинг кейде жоғары деңгейде романтизацияланады, әсіресе XIX ғасырдағы романтикалық роман мен әдеби дәстүрде. Мұнда табандылық, бақылау және кейде шекара бұзу әрекеттері махаббаттың шынайы және құмарлыққа толы белгісі ретінде бейнеленеді. Мысалы, Эмили Бронтедің «Найзағайлы асу» романында Хитклифтің Кэтринге деген обсессивті махаббаты романтикалық пафоспен сипатталады: ол тек сүйіктісін иеленуге ұмтылмай, сонымен қатар оның өліміне дейін эмоционалды байланысын сақтайды, бұл әрекеттер кейде эстетикалық және трагедиялық реңкпен ұсынылады. Кэтриннің «Мен Хитклифтің» сөзі шекараның толық жойылуын, иемдену иллюзиясын көрсетеді. Кэтрин өлгеннен кейін Хитклиф оның қабірін ашады, рухын шақырады, балаларын қинайды — бірақ роман мұны трагедиялық құмарлықтың ұлылығы ретінде береді [9].

Қазақ әдебиетіндегі ең маңызды ерекшелік – обсессивті қудалаудың жеке патологиядан жүйелік зорлыққа ауысуы. Ру, ұят, мемлекет аппараты және экономикалық мүдде жеке адамның ерік бостандығын шектейді және мұндай бақылауды Foucault (1975) теориясы бойынша билік пен бақылаудың диффузды формасы: зорлық жеке субъектіден емес, жүйеден шығады, бұл оны «табиғи» немесе «заңды» деп қабылдатады. Бұл мотивтерде романтизация жоқ – керісінше, моральдық айыптау, жәбірленуші дауысы және жүйелік сын басым.

Lippman (2018) поп-мәдениеттегі обсессивті қудалаудың нормализациясын зерттей отырып, медиалық бейнелердің аудиторияның қатынас нормалары туралы идеяларына тікелей ықпал ететінін дәлелдейді [10, 532-533 б]. Бұл контекстте әдебиеттің деконструктивтік функциясы маңызды. Қазақ классикалық әдебиеті бұл функцияны белгілі дәрежеде орындайды: обсессивті кейіпкерлер романтикаландырылмайды, бақылаудың институционалдық тамырлары – ру қысымы, ұят механизмі, мемлекет аппараты – айқындалады, жәбірленуші перспективасы күшейтіледі. Алайда мәтіндердегі «ұят» бойымен жәбірленушіге артылуы институционалдық бақылаудың толық сыналмауын да байқатады.

Қорыта келе, сталкингті «билік пен бақылау дискурсы» ретінде талдау – заманауи әдебиеттанудың өзекті бағыты деп айта аламыз. Бұл тәсіл әдебиетке тек эстетикалық емес, әлеуметтік-критикалық функция жүктейді: мәтіндердегі обсессивті қатынастарды ашу арқылы оқырман жаңа аналитикалық оптика алады, «махаббат» пен «бақылаудың» арасындағы шекараны айқындауға мүмкіндік туады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Mullen P. E., Pathé M., Purcell R. *Stalkers and Their Victims* (2nd ed.). – Cambridge: Cambridge University Press, 2009. – 336 p.
2. Parkhill, Alice J., Nixon, Margaret, McEwan, Troy E. (2022) A critical analysis of stalking theory and implications for research and practice. *Behavioral Sciences & the Law*, 40 (5). pp. 562-583. <https://doi.org/10.1002/bsl.2598>
3. Kamphuis J. H., Emmelkamp P. M. G. *Stalking – a contemporary challenge for forensic and clinical psychiatry*. – London: British Journal of Psychiatry, 2003. – 12–15 p.
4. Kernberg O. *Borderline Conditions and Pathological Narcissism*. – New York: Jason Aronson, 1975. – 361 p.
5. Tennov D. *Love and Limerence: The Experience of Being in Love*. – New York: Stein and Day, 1979. – 273 p.
6. Foucault M. *Surveiller et punir: Naissance de la prison*. – Paris: Gallimard, 1975. – 318 p.
7. American Psychiatric Association. *Diagnostic and Statistical Manual of Mental Disorders* (5th ed.). – Washington, DC: American Psychiatric Publishing, 2013. – 947 p.
8. Исабеков Д. Қарғын. – Қарағанды «Qasym баспа үйі», 2022. – 320 б.
9. Бронте Э. Найзағайлы асу. – Астана «Фолиант», 2022 – 360 б.
10. Lippman J. R. I did it because I never stopped loving you: The effects of media portrayals of persistent pursuit on beliefs about stalking. – *Communication Research*, 2018. – 511–535 p.

Доненбаева А.А., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, философия және психология факультеті, КДР-24-1к, студент
(Ғылыми жетекшісі - аға оқытушы, магистр Н.Т.Мұқан)

ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЭСТРАДАЛЫҚ ВОКАЛ ӨНЕРІНІҢ ДАМУЫ: ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ ЫҚПАЛЫ

Қазіргі мәдени кеңістікте эстрадалық вокал өнері бұрынғыдай тек сахналық орындаушылық шеңберінде ғана дамып отырған жоқ. Жаһандану үдерісі, цифрлық коммуникациялардың жеделдеуі және жасанды интеллект технологияларының күнделікті өмірге енуі бұл өнер саласының ішкі құрылымына, орындаушылық логикасына және кәсіби даярлық жүйесіне түбегейлі өзгерістер енгізуде. Эстрадалық вокал бүгінгі таңда тек эстетикалық құбылыс емес, сонымен қатар технологиялық, әлеуметтік және педагогикалық факторлар тоғысқан көпқабатты феноменге айналып отыр.

Жасанды интеллекттің музыка саласында қолданылуы көбіне дыбысты өңдеу немесе техникалық жетілдіру деңгейінде қарастырылып келеді. Алайда эстрадалық вокал контекстінде бұл технологияның ықпалы әлдеқайда терең. Ол орындаушының дауысқа деген қарым-қатынасын, өзін-өзі бағалау механизмін, тіпті